

Маңғыстау облысы білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
№59 С.Н Шапагатов атындағы бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Бекітемін
№59 С.Н.Шапагатов атындағы
бөбекжай директоры
Худайбергенова А.Ж.



**2023-2024 оқу жылының жазғы-сауықтыру кезеңіне арналған
«Алақай, жайдарлы жаз келді» перспективалық жоспары
№4 ортаңғы тобы**

Дайындаған: Қыдырбаева Саulet

2024 жыл

«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары
2024 жыл

Откізілетін шаралардың атаулары	Жұмыс мазмұны	Откізу мерзімі
«Бақытты балалық шақ» 3.06 -7.06.2024		
«Әрқашан күн сөнбесін!»	Балалар күні мерекесін үйымдастыру: -балалар шыгармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы	03.06
Рәміздер күні «Елтаңбасымен еңселі, Әнұранмен айбынды, Туыменен тұғырлы »	- Мерекелік іс-шара (такпақтар, ән)	04.06
«Менің әлемім»	- «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әнгімелесу; - тақырыпқа сәйкес әнгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.	05.06
Жас із-кесушілер	«Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әнгімелесу. Ертегіні немесе көркем шыгарманы оқып беру.	06.06
Андар мен аңшылар	Альбомдар көру: «Андар», «Құстар», «Гүлдер»... «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман андары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады).	07.06
«Жас із-кесушілер» 10.06-14.06.2024		
Мейірімді достарым	«Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде андар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау	10.06
Саялы бақ	«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әнгімелесу. Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау. Ағаштардың суретін салу.	11.06
Сыр сандық	Таныс ертегі қойылымдарын сахналуа.	12.06

Сабын көпіршіктері құні	Бебекжайда және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат. «Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны.	13.06
Теніздегі тіршілік	Су ханшайымымен саяхат. «Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге). Сумен ойындар.	14.06

«Көнілді жаз» 17.06-21.06.2024

Сүйкімді кірпі	«Менің ағзамның қоргаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу. Көркем шыгарма оқып беру.	17.06
Табиғат аясында	Жыл мезілдері Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау Жапсыру «Күлімдейді күн маған»	18.06
«Күн, ауа, су» ойын сауығы	«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судагы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу. «Кап, кап әні»	19.06
Бағдаршам құні	Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машинадар, құрышактар, құрастырығыш, жол белгілерін пайдалану).	20.06
Пайдалы және зиянды өсімдіктер	«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу.	21.06

«Қауіпсіз жаз» 24.06-28.06.2024

Марғаудың үйшігі	«Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойыны. Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу.	24.06
«Қауіпті заттар мен құралдар»	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Болады-болмайды», дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау.	25.06
Шебер қолдар	Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры)	26.06
Табиғатты қорғайың	«Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаган ортаны қорғау туралы әңгімелесу. Суреттер байқауын ұйымдастыру.	27.06
Су әлемінде	Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шыныгудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу.	28.06
	«Гүлденген табиғат» 01.07- 05.07.2024	

Гажайыптар әлемі	Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың күніні, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандагы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын.	01.07
Менің достарым	Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу.	02.07
Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар фестивалі, қымыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сакина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ».	03.07
«Сүйікті қалам-Нұр-Сұлтан»	«Елімнің жүргегі – Нұр-Сұлтан», әңгімелесу. Тақырыпқа сәйкес ән тыңдату және бірге айту. «Бұл бақытты – мекен» асфальтқа сурет салу байқауы.	04.07
Менің сүйікті кейіпкерім	Сүйікті кейіпкерлер фестивалі. Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жұнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу. Салған кейіпкери туралы әңгімелеу.	05.07

«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы» 08.07 -12.07.2024

«Мерейлі отбасы»	«Әке көрген оқ жонар», зат қалдықтарынан әкелермен бірге бүйім жасау. Дайындалған бүйімдардан көрме ұйымдастыру. Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі	08.07
«Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»	«Әлди-әлди ақбөпем» челленджі, әжесінің бесік жыры. Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру. Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оку сайысы. Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.	09.07
«Ұлы дала баласы»	«Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру.	10.07
Жүгіреміз, зырлаймыз	«Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балага өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке, тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Көркем шығарма оқып беру. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», «Орамал тастамақ» және т.б.	11.07
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қымыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қымыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу.	12.07

Санамақтар жаттау.

«Жазғы салыстар» 15.07-19.07.2024

Менің көңілді добым	Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доптен ойнау. Допты нысанага лақтыру. Сурет салу, мұсіндеу «Менің көңілді добым».	15.07
«Олимпиада алауы»	Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу. Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темші», «Көкпар», «Асық ойындары».	16.07
Алтын балық	Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау. «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен салынған суреттер байқауы. Аквариумдағы балықтарды бақылау, жем беру. «Балық аулау» қимыл-қозгалыс ойынын ойнату.	17.07
Ойланайық, балақай!	«Жайдары жаз», ермексазбен жұмыс. Жаз мезгілі туралы әңгімелесу арқылы балалардың түсінік-тәнімін кеңейту, алған білімдерін бекіту (көрініс). Табиғатты бақылау.	18.07
Гүлдер күні	Гүлдер туралы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. «Құлпырган әлем» шығармашылық шеберханасының жұмысын ұйымдастыру, балалардың қалауды бойынша жеке немесе топтасып, әртүрлі материалдардың көмегімен бұйымдар жасауларына ерік беру. Педагог бақылат, қажет болса көмек көрсетеді (аппликация, оригами, квиллинг, жапсыру және басқа әдістермен). Жұмыстар дайын болғанда көрме ұйымдастыру, бір-біріне және ата-аналарына сыйға тартуға ұсыныс беру. «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны, гүлзарларды, гүлбағын көпсіту, суару, тазалау.	19.07

«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма» 22.07-26.07.2024

Жәндіктер әлемі	Танымдық әңгіме. Серуен кезінде табиғаттағы жәндіктерді бақылау, балаларға жетекші сұрақтар қоя отырып, көрген-білгенін сұрау. Балалармен әңгімелесу, улы жәндіктердің суреттерімен таныстыру, олардан қорғану туралы айту. Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Аударыспақ», «Соқыр теке», «Айғөлек», «Күш сынаспақ».	22.07
«Туган өлкем»	Баланың бойында туган жеріне, еліне деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін ұялату. Ән тындағып, тақпақ айтқызу. Балаларға туган өлкесі туралы естеліктерден үзінді айттып беру, бірге фотоальбомдар қарастыру, аталар мен әжелердің әңгімелерін тындау.	23.07
Әдептілік – әдемілік	«Жақындарынды немен және қалай қуантуга болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру.	24.07

	Дидактикалық ойын «Досыма достық лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны».	
Достық күні	Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыры. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айтуда. Жапсыру, «Досыма сыйлық».	25.07
Мейірімділік күні	Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертеңі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертеңі еліне саяхат, пікірталас.	26.07
«Ас атасы – наң» 29.07-2.08.2024		
Тұрлі-түсті кемпірқосақ күні	«Қала үстіндегі шарлар» ойын-сауығы: ұрленген шарлармен эстафеталар өткізу, шарларға сурет салу, ән көңілді шар конкурсы, жер телімінде тұрлі-түсті шардан кемпірқосақ жасау.	29.07
Достық аллеясы	Табиғи материалдардан құрастыру, мұсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Аркан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа».	30.07
Алтын дән	- Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарастыру; - көркем шыгарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу; - ыдыстагы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санауда; - табиғи материалдармен, ермексаздан жұмыс «Дәндер патшалығы»	31.07
Нан - дастархан байлығы	- «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шыгарма оқып беру, тыңдалған шыгарманың мазмұнын айтқызу; - нан қиқымымен ауладагы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылауда; - нанның суретін салу, ермексаздан мұсіндеу.	01.08
Нан болса ән де болады	- Нанды колдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарастыру; - «Наубайхана» жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын үйымдастыру.	02.08
«Менің достарым» 05.08-09.08.2024		
Егіс алқабында	- «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шыгарма оқып беру; - Ауладагы өсімдіктер мен шөптерге қутім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындауда; - «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіруде	05.08
Жемістер мен көкөністер	- «Жемістер мен көкөністер» фестивалі; - Жұмбақтар мен тақпактар сайысы; - Жапсыру «Менің дәмді достарым»; - «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс үйымдастыру.	06.08

Менің нәзік достарым	<ul style="list-style-type: none"> - Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру; - түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану); 	07.08
Менің адал достарым	<ul style="list-style-type: none"> - Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы таллау - шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мактадан, түймелерден және т.б. - өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау; - сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу 	08.08
СаясЫнда шатырдың	<ul style="list-style-type: none"> - Қоршаған орта туралы сұрақ-жаяуп ұйымдастыру; - отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарастыру; - балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету. 	09.08
	«Мен және қоршаған орта» 12.08 -16.08.2024	
Ханталапай	<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру; - оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелу; - асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру; 	12.08
Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!	<ul style="list-style-type: none"> - Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу; - түрлі мамандық туралы олең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; - мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу - сюжетті рөлдік ойындар ойнату: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б. 	13.08
Куыршақ театры	<ul style="list-style-type: none"> - Куыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу; - «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру 	14.08
Сөз асылы шешендік	<ul style="list-style-type: none"> - «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау; - «Ертегілер әлеміне саяхат»сүйікті ертегілерді айтқызу; - «Мен бастаймын, сен жалғастыр», мақал-мәтел айтудан сайыс ұйымдастыру 	15.08
Алуан-алуан кейіпкер бар	<ul style="list-style-type: none"> - «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу; - өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу; - ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу. 	16.08
	«Өнер көзі халықта» 19.08-23.08.2024	
Өнерлі өрге жүзөр	<ul style="list-style-type: none"> - Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін карастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес жұмбактар шешкізу; - бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету. 	19.08

Ел іші – өнер кеніші	- Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру: - театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру; - қойылым желісін ойластыру	20.08
Балабақшам өз үйім	- «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу; - тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу; - тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музика жетекшісі, денешынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдал, ойнауга мүмкіндік беру	21.08
Бір, екі, үш бойға жинап құш	- Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу; - балалардың өздеріне ұнайтын жаттыгуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; - серуен кезінде аулада қарапайым еңбек әрекеттерін бірлесіп жасату; - ұлттық ойын «Бәйге» ойынын ойнату.	22.08
Менің Қазақстаным	- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табигаты туралы әңгімелесу;	23.08
«Ғажайыптар әлемінде» 26.08 – 29.08.2024		
Алтын сақа	- «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу; - «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру; - «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату	26.08
Конституция күні	- Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу; - атаған тақырыпта балаларга ойын жағдаяттарын құру және оны дұрыс шешуге итермелеу; - байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қызындыларымен безендіру; «Айбары асқақ – Ата зан» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру.	27.08
Ғажайыптар әлемі	Балалармен табигат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулеесінің адамға, табигатқа әсері, аспандагы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табигат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау.	28.08
Спорттық ойындар күні	Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозгалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау.	29.07